

Акмадиева Г.П.

Тарихи деректер кешеніндегі дипломатиялық құжаттардың дерек ретінде рөлі мен орны

Мақалада тарихи деректер кешеніндегі дипломатиялық құжаттардың атқаратын рөлі мен алатын орны қарастырылған, аталған құжаттардың жалпы тарихи деректер кешеніндегі маңыздылығы көрсетілген. Сонымен бірге, автор дипломатиялық құжаттардың түр бойынша жіктелу мәселесіне талдау жасап, дипломатиялық құжаттардың кейбір түрлерінің артықшылықтарын көрсеткен. Кейбір ғалымдар дипломатиялық құжаттарды жіктеу барысында аталған мақалада сипатталған құжаттар топтарының арасындағы жаңа байланыстарды және олардың халықаралық дипломатиялық-құжаттық ортадағы айналымын болжайды. Бұл ортаға дипломатиялық құжаттардың түрлері арасындағы артықшылық жүйесінің өзгеруіне ықпал ететін мемлекеттік және мемлекетаралық құжаттық ұстанымдар да кіреді. Сондықтан, мақалада қазіргі заман тарихы бойынша тарихи мәлімет беретін дипломатиялық құжаттардың ерекшеліктерін және дипломатиялық құжаттардың негізгі түрлерінің жіктелуіне құжаттық ортаның ықпалы анықталған. Мақала авторы қазіргі жаһандану кезеңіндегі тарихи құжаттар қатарындағы дипломатиялық құжаттардың алатын орны мен атқаратын рөлі туралы негізделген қорытынды жасаған.

Түйін сөздер: тарихи дерек, дипломатиялық құжаттар, дипломатия, сыртқы саясат, Қазақстан Республикасы.

Akmadiyeva G.P.

The place and role of diplomatic documents of the historical source complex

The article discusses the role and place of diplomatic documents in a complex of historical sources, denoted the importance of this type of sources in the complex sources of general historical perspective. It is expected to conduct classification of diplomatic sources by type, designated a priority composition of diplomatic source spectrum. Some scientists predict a new relationship between a group of documents described in this article and their presence in the so-called international diplomatic – documentary environment for the classification of diplomatic documents. This environment could include both state and interstate documentary positions that affect the change of the system of priority between the types of diplomatic sources. This term is supposed to determine the characteristics of diplomatic sources as the historical evidence on the modern history and the impact of documentary environment in improvement of classification of main types on new possible positions of priority. The author comes to a conclusion about the place and role of diplomatic documents in a globalized world of historical documentation.

Key words: historical source; diplomatic documents; diplomacy, foreign policy; Republic of Kazakhstan.

Акмадиева Г.П.

Место и роль дипломатических документов в общем комплексе исторических источников

В статье рассматривается роль и место дипломатических документов в комплексе исторических источников, обозначается важность данного вида источников в комплексе источников общеисторического плана. В дальнейшем предполагается проведение классификации дипломатических источников по видам, обозначается приоритетная композиция дипломатического источникового спектра. Некоторые ученые прогнозируют для классификации дипломатических документов новое отношение между охарактеризованными в данной статье группами документов и их нахождение в так называемой международной дипломатически – документальной среде. В данную среду могут входить и государственные, и межгосударственные документальные позиции, влияющие на изменение системы приоритетности между видами дипломатических источников.

В данной перспективе предполагается выявление особенностей дипломатических источников как исторических свидетельств по истории современности и влияние документальной среды на совершенствование классификации основных типов по новым возможным позициям приоритетности. Автор статьи приходит к обоснованным выводам о месте и роли дипломатических документов в глобализированном мире исторической документации.

Ключевые слова: исторический источник, дипломатические документы, дипломатия, внешняя политика, Республика Казахстан.

ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР КЕШЕНІНДЕГІ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ДЕРЕК РЕТІНДЕ РӨЛІ МЕН ОРНЫ

Кіріспе

Қазіргі заман тарихында мемлекеттердің дамуын көрсететін және олардың халықаралық ұйымдармен, қозғалыстармен қарым-қатынастары, мемлекетаралық және халықаралық құқықтың даму болашағы жөнінде құнды ақпарат беретін тарихи құжаттардың маңызы артып жатыр. Осы тұрғыдан алғанда жалпы тарихи деректер кешеніндегі дипломатиялық құжаттардың маңыздылығын зерттеу мен рөлін анықтау өзекті мәселе. Сонымен бірге, дипломатиялық құжаттардың тарихи дерек ретіндегі рөлі мен маңыздылығы, олардың жіктелуі жалпы шетелдік, қазақстандық тарихнамада зерттелмеген, белгілі нақты зерттеулер жоқ, сондықтан таңдап алынған тақырыптың өзектілігі ешқандай күмән тудырмайды.

Аталған мақаланың пәні – дипломатиялық құжаттарды жіктеу арқылы олардың маңыздылығы мен рөлін анықтау. Мақала тақырыбының ғылыми маңыздылығы жаңа халықаралық деректанудың тұжырымдамалық сипаттамасын дамыту, осы арқылы дипломатиялық құжаттарды жіктеудің мүмкін жолдарын іздестірумен белгіленеді.

Қоршаған орта мен адамзат қоғамын танудағы тарихи деректің құндылығы мен маңыздылығы адамзатқа алғашқы тарихи зерттеулер белгілі болған кезеңнен (антикалық кезең) бастап қазіргі кезеңге дейін белгілі және ешқашан күмән тудырған емес. Қазіргі кезеңде де тарихи деректердің рөлі мен маңыздылығы айтарлықтай өсті, бұл гуманитар-ғалымдарды қызықтыратын мәселелер тобының өсуімен байланысты болып отыр. Қазіргі уақытта тарихшылар жеке кезеңді немесе жекелеген аймақты, мемлекетті компаративті әдістерге сүйеніп ұзақ мерзімді перспективада зерттеудің қисыны бар екендігін ұғынуда. Мұндай жағдайда деректердің пайда болуының ішкі логикасы бар екендігі түсінікті және белгілі болады: олар пайда болады және тарихи аренадан заңды түрде кетеді. Сондықтан деректермен жұмыс жасаудың әдістері мен принциптерін анықтау мүмкін. Бұл принциптер мен әдістер сабақтас гуманитарлық және жаратылыстану пәндерінің түйсігінде өңделеді және бұл арқылы тарих ғылымының, деректанудың іргелес гуманитарлық ғылымдармен өзара байланысы түсіндіріледі.

Әдістер

Тарихи деректер кешеніндегі дипломатиялық құжаттардың дерек ретінде рөлі мен орнын анықтау үшін алынған мәліметтердің ғылыми құндылығын, шынайылық және толықтық деңгейін анықтау мақсатында тарихи танымның эмпирикалық әдістері: тарихи-салыстырмалы әдіс және тарихи-типологиялық әдіс қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс тарихи оқиғалардың, құбылыстардың дамуындағы дипломатиялық құжаттардың маңыздылығы мен ерекшелігін анықтауға мүмкіндік берді. Дипломатиялық құжаттардың жіктелуі мәселесін қарастыру барысында тарихи-типологиялық әдіс қолданылды. Бұл әдіс зерттеу пәнінің маңызды белгілерін анықтауға, дипломатиялық құжаттарды әртүрлі типтерге бірыңғайлауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен пікірталас

Ғылыми зерттеулердегі деректің рөлі мен орнын анықтау әрқашан тарих ғылымы назарының орталығында болып келді. Дерекке деген көзқарас білімнің жинақталуы мен тарих ғылымы және оның құрамдас бөлігі – деректанудың жетілдірілуіне байланысты әрқашан өзгеріп отырды. Ғылыми ортада қызығушылық тудырған сұрақтардың қатарында келесілер болды: дерек дегеніміз не? «дерек» және «тарихи деректің» арақатынасы қандай? қай кезеңнен бастап дерек дерек ретінде өзін тоқтатады және тарихнаманың элементіне айналады, яғни кез келген бір мәселе бойынша ғылыми әдебиеттер тізіміне енеді? Қазіргі уақытта осы сұрақтардың барлығына өзіндік теориялық және методологиялық негізді қалыптастыру мен дамыту сатысында тұрған қазақстандық деректану да өзінің қызығушылығын тудыруда. Сондықтан, әлемдік ғылыми ойдағы жинақталған теориялық және тәжірибелік материалдарды қолдану тәуелсіз Қазақстан тарихы бойынша деректерді бағалау, жүйелеу мен жіктеу, әртүрлі деректермен жұмыс жасаудың әдістерін өңдеу барысында өзіндік өлшемді (критерий) құруға көмектеседі.

Ғылыми зерттеу фрагменті ретіндегі дерекке талдау жасау мен оны бағалаудың үш өзіндік аспекті бар:

- 1) тарихи зерттеу жүйесіндегі тарихи дерек;
- 2) деректану пәніндегі тарихи дерек;
- 3) методология және ғылымды гносеологиялық талдау пәніндегі тарихи дерек (Шотбакова, 2005: 15).

Аталған үш аспектінің ішінде бізге бірінші аспект – дәлірек айтқанда тарихи зерттеулердегі

деректің (дипломатиялық құжаттардың) рөлі мен орнын анықтау қызығушылық танытады. Себебі, қазіргі уақытта тарихшының қарауындағы дипломатиялық құжаттардың байлығына етене енудің уақыты жеткен сияқты. Дипломатиялық құжаттағы материалдар деректердің екі қатарымен – 1) жарияланған / жарияланбаған; 2) жеке бір өткен уақытқа қатысты / қазіргі уақытқа қатысты түрінде берілгендігін және деректер табиғатының сапалы түрде өзгеруін ескеретін болсақ бұл байлықты молшылық деп те атауға болады. Тарихи деректер ретінде дипломатиялық құжаттар да өзінің түрі мен құрылымы жағынан айырмашылыққа ие, себебі тарихи құжаттардың бұл түрі қоғамдағы саяси, экономикалық, технологиялық т.б. өзгерістерді көрсетеді. Тарихи деректердің кез келген бір түрі сияқты дипломатиялық деректер бірқатар құбылыстарды: қысқа немесе ұзақ мерзім аралығындағы мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды, мемлекеттердің арасындағы өзара ілеспе міндеттемелердің динамикасын (өткір халықаралық қарбаластық немесе әртүрлі келіссөздердің қиын даулы сатысы т.б. болуы мүмкін); дипломатиялық хат алмасушы автордың, саяси қайраткерлердің рөлін, олардың мәселе мен жағдайға қатысты көзқарасын құжаттандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дипломатиялық құжаттар дипломаттың миссиясы өтіп жатқан мемлекеттің өмірі туралы, жеке-леген құжаттардың авторы жөнінде қосымша ақпарат береді.

Сонымен, дипломатиялық құжаттар категориясы тарихи зерттеулерге тереңдегісі келетін кез келген жеке тұлға үшін өзінің жиынтығы жағынан мықты ақпараттық корпус бола алады. Дипломатиялық құжаттардың микро тарих үшін де маңызы зор. Мысалы, егер 1878 ж. Берлин конгресінің қабылдаған шешімі барысында пайда болған дипломатиялық құжаттарды және осы кездегі Оттомон империясы мен Греция, Албания, Болгария арасындағы шекараны анықтау бойынша қабылданған құжаттардан, сол сияқты 1996 ж. 26 сәуірде Шанхайдағы Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттері ел басыларының алғашқы кездесуінде қол қойылған «әскери сенім шараларын нығайту жөніндегі Келісімнен» (Соглашение между Российской Федерацией, Республикой Казахстан, <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z960000057>), 1997 ж. қыркүйектегі ҚХР премьері Ли Пэн және 1998 ж. ҚХР төрағасы Цзянь Цземиннің Қазақстанға сапарының нәтижесінде Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекара жөніндегі қо-

сымша келісімнен (Президент Республики Казахстан...1999) микротарихтың шексіз санын табуға болады.

Сондықтан, дипломатиялық құжаттар басқа да қоғамдық ғылымдар салаларымен қатар, деректану ғылымының да зерттеу объектісі болып табылады. Себебі, дипломатиялық құжаттар, өздерінің басқа қасиеттерімен қатар, жоғарыда айтылғандай, өз бойында кез келген бір мемлекеттің сыртқы саяси тарихы, халықаралық аренадағы рөлі т.б. туралы мәлімет сақтаушы тарихи дерек көзі міндетін де атқарады. Мысалы, қазіргі көрнекті орыс деректанушылығының бірі, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің профессоры О.М. Медушевская, жалпы құжаттық материалдардың, оның ішінде дипломатиялық құжаттардың басқа деректермен ортақ қасиеттерінің бірлігі туралы: «әрбір құжат, адам іс әрекетінің жемісі ретінде, өзінің тікелей арнулы мақсатынан басқа, өз уақытының реальды шынайылығы туралы да, сол уақыттағы қоғамдық процестердің дамуы туралы да мәліметтер бере алатын тарихи дерек көзі сияқты қосымша міндет те атқара алады» деп, дипломатиялық құжаттардың құжаттық дерек көзі ретіндегі орнын айқындайды (Медушевская, 1996: 1).

Тарихи зерттеулердегі деректің рөлі мен орнын анықтау үшін алдымен деректерді жіктеу және жүйелеу қажет. Қазіргі уақытта дипломатиялық құжаттарды жіктеу мәселесі де өзекті болып отыр. Ресми түрде дипломатиялық құжаттарды екі үлкен категорияға бөлуге болады: ресми және бейресми, немесе жеке. Бірінші категорияға мемлекеттік субъект ұйымдарының шығаратын құжаттары; екінші категорияға жеке тұлғалардың басып шығаратын құжаттары кіреді. Яғни, ресми құжаттар дегеніміз өзінің артықшылығы жағынан дипломатиялық құжаттар болса, ал бейресми құжаттар көптеген жағдайда мемуар түрінде берілген. Ресми құжаттар басып шығарылған және шығарылмаған болып бөлінеді. Басып шығарылмаған деректер мемлекеттік мұрағаттарда немесе сыртқы істер министрлігінің мұрағатында, кейбір жағдайларда дипломатиялық құжаттар Ұлттық мұрағаттардан басқа, Президенттік кітапханаларда сақталады. Мысалы, АҚШ-та Президенттік кітапханада американдық президенттердің жеке және саяси қызметінің құжаттары сақталған. Қазақстан Республикасында ҚР Президентінің Архивінде еліміздің 1919 ж. басталатын (1999 ж. дейін) саяси тарихының құжаттары сақталған.

Халықаралық қатынастардағы құжат айналымы дипломатиялық хат алмасу жолы арқылы жү-

зеге асырылады. Осы уақытқа дейін арнайы әдебиеттерде дипломатиялық хат алмасудың келесі бес түрі бөліп көрсетілді:

- 1) жеке нота;
- 2) вербальды нота;
- 3) ескертпе жазба;
- 4) меморандум;
- 5) жартылай ресми сипаттағы жеке хаттар бөліп көрсетілді.

Дипломатиялық құжаттардың мұндай тізімін А.Н. Ковалев мемлекет және үкімет басшыларының жеке жолдауларымен толықтыру қажеттілігін атап көрсетті. Сонымен қатар, А.Н. Ковалев жоғарыда көрсетілген «бестікке» енген, бірақ дипломатиялық қызмет пен сыртқы саясатты жүзеге асыру барысында өз функциясын атқаратын дипломатиялық құжаттардың түрлерін ескермеуге болмайды (Ковалев, 1984: 63) деген оң пікірге келеді. Олардың қатарында үкімет, Сыртқы істер министрлігі өтініштері, мемлекет өкілдерінің халықаралық ұйымдарға білдірген өтініштері т.б. бар.

Сондықтан, қазіргі уақытта жоғарыда көрсетілген жалпыға танылған және дәстүрлі дипломатиялық құжаттардан басқа («бестіктен басқа») саяси-дипломатиялық тәжірибеде қатаң хаттамалық формулаға сүйенбейтін және дипломатия міндеттерін жүзеге асыруда маңызды рөл атқаратын дипломатиялық құжаттардың түрлері пайда болып, айналымға енді. Дипломатиялық құжаттардың мұндай тобына халықаралық мәселелерге қатысты мемлекет, үкімет басшыларының, сыртқы істер министрлігінің декларациялары, мәлімдемелері, жолдаулары, баяндамаларын жатқызуға болады. Бұл құжаттар мазмұнына қарай дипломатиялық қызметтің барлық астарын қамтиды.

Дипломатиялық құжаттардың түрлерін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мемлекет басшыларының сұхбаттары, халықаралық форумдардағы мәлімдемелері, ресми мәлімдемелері толықтырып отыр. Халықаралық өзекті мәселелері бойынша мемлекеттердің ұстанымдарын көрсететін бірлескен мәлімдемелер мен коммюникелер маңызды орынға ие.

Ең маңызды әрі салтанатты дипломатиялық құжаттың түрі – келісім шарт болып табылады. Келісім шарт ұзақ мерзімді келіссөз үрдісінің қорытындысы болып саналады. Келісім шарттың әртүрлі типтері бар. Мысалы, достық қарым-қатынас жөніндегі келісім шартта тараптарға жүктелген міндеттемелер көрсетіледі. Сондықтан келісім шарттар дипломатиялық қызметтегі аса ірі және өте маңызды құжаттардың бірі

болып табылады. Дипломатиялық құжаттардың бұл түрі қатысушы тараптардың шеңберіне байланысты екіжақты, көпжақты, шектелмеген, шектелген, жабық, жартылай ашық, ашық болып топталады. Ал, нысанына қарай саяси шарттар, экономикалық және мәдениет, ғылым мен басқа да арнайы мәселелер жөніндегі шарттар болып бөлінеді.

Дипломатиялық құжаттардың ішінде декларацияның маңызы зор. Декларация тікелей нақты бір адресатқа жіберілмейді және ресми жауап алуды талап етпейді. Бірақта декларация «классикалық дипломатиялық құжаттарға» қарағанда мазмұнды жүктемеге ие. Декларацияда белгілі бір мәселе бойынша мемлекеттің ұстанымы көрсетіліп, саясат саласындағы принциптер анықталады.

Жоғарыда қарастырылғандардың негізінде дипломатиялық құжаттардың әрбірі өзіндік ішкі сипатқа ие екендігін көруге болады. Сондықтан, деректанушылар мен тарихшылар дипломатиялық құжаттарды қоғам мен мемлекеттің даму тарихының белгілі бір нақты кезеңі бейнеленген маңызды тарихи дерек көзі ретінде қарастырып, олардан сол кезеңнің ерекшеліктері мен тарихына қатысты шынайылық деңгейі жоғары мәліметтер алу жолдарын іздестірулері керек. Ол үшін, дипломатиялық құжаттар басқа да деректер сияқты, тарихилық принципінен шыға отырып, нақты бір уақыт аралығы мен кеңістіктегі қоғам өмірімен тығыз байланыста зерттелуі қажет. Әрине, бұл тәуелсіз Қазақстан Республикасы тарихына да тән қағида.

Қорытынды

Деректанулық талдаудың барлық кезеңдерінде де көрсетілген құжаттар тобының қайсы-

сы болса да деректанулық сынның барлық кешенді тәсілдерін қолдануды қажет етеді. Жазба дерек көздері түрлерінің ішіндегі құжаттық дерек көздеріне жататын деректің бұл түрін, басқа да деректермен қатар пайдалана білу, тарихымыздың көптеген қырларын аша түсуге көмектесері күмәнсіз. Дегенмен, дипломатиялық құжаттар басқа да дерек көздері сияқты өзіндік ерекшеліктері бар, өздеріне ғана тән сипатты белгілері бар деректер түріне жатады. Сондықтан, оларды дерек ретінде пайдалану үшін алдымен дипломатиялық құжаттарды дерек көздері ретінде деректанулық талдаудан өткізу қажет. Демек, зерттеушілер дипломатиялық құжаттарды қоғам мен мемлекеттің даму тарихының белгілі бір кезеңінің құжаттық дерек көзі ретінде қарастырып, олардан шынайылық деңгейі жоғары мәлімет ала білулері керек. Дипломатиялық құжаттар тарихшыларға өздерінің нақты зерттеу объектісін жан-жақты аша түсуге көмектесері анық.

Сонымен бірге дипломатиялық құжаттар тәуелсіз Қазақстан тарихының маңызды дерек көздерінің бірін құрайды. Себебі, бұл құжаттардан тәуелсіз Қазақстан тарихы және онымен байланысты бүкіл әлем тарихы туралы мазмұнды ақпарат алуға болады. Қазіргі жаһандану кезеңіндегі мемлекеттердің өзара тәуелділігінің өсуі және қазіргі әлемнің жаһандық мәселелеріне байланысты мемлекетаралық қатынастардың күрделенуі әрбір мемлекеттің дипломатиялық қызметінің рөлі мен маңызын арттырып отыр, ал сыртқы саясат пен дипломатияның өзектілігі қазіргі кезеңдегі дипломатиялық құжаттардың деректік маңызын, оның жалпы тарихи деректер кешеніндегі алатын орны мен атқаратын рөлін арттыра түсуде.

Әдебиеттер

- 1 Медушевская О.М. (1996). Источниковедение: теория, история, метод. Москва.
- 2 Ковалев А.Н. (1984) Азбука дипломатии. Москва: Международные отношения.
- 3 Президент Республики Казахстан. (1999). Стабильность и безопасность страны в новом столетии: Послание народу Казахстана. Казахстанская правда. 15 декабря.
- 4 Соглашение между Российской Федерацией, Республикой Казахстан, Киргизской Республикой, Республикой Таджикистан и Китайской Народной Республикой об укреплении доверия в военной области в районе границы от 26.04.1996 // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z960000057>
- 5 Шотбакова Л.К. (2005). Место и роль источника в исторических исследованиях. Вестник Карагандинского государственного университета. Серия История. Философия. №3. С.15-20.

References

- 1 Medushevskaja O.M. (1996). Istochnikovedenie: teorija, istorija, metod. Moskva.
- 2 Kovalev A.N. (1984) Azbuka diplomatii. Moskva: Mezhdunarodnye otnosheniya.
- 3 Prezident Respubliki Kazahstan. (1999). Stabil'nost' i bezopasnost' strany v novom stoletii: Poslanie narodu Kazahstana. Kazahstanskaja pravda. 15 dekabnja.
- 4 Soglashenie mezhdru Rossijskoj Federaciej, Respublikoj Kazahstan, Kirgizskij Respublikoj, Respublikoj Tadžikistan i Kitajskoj Narodnoj Respublikoj ob ukreplenii doverija v voennoj oblasti v rajone granicy ot 26.04.1996 // http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z960000057_
- 5 Shotbakova L.K. (2005). Mesto i rol' istochnika v istoricheskikh issledovanijah. Vestnik Karagandinskogo gosudarstvennogo universiteta. Serija Istorija. Filosofija. №3. S.15-20.